Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі

МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Көкалат, 2024 жыл

Мазмұны

1. **Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**
2. **Кадрлар құрамына талдау**
3. **Білім алушылар контингенті**
4. **Оқу-әдістемелік жұмыс**
5. **Оқу-материалдық активтер**
6. **Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры**
7. **Білім алушылардың білімін бағалау**
8. **Білім үрдісіне қатысушылардан алынған сауалнамалар**
9. **Кемшіліктер мен оларды шешу жолдары**
10. **Қорытындылар мен ұсыныстар**

I бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Білім беру ұйымының орналасқан жері: 110600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Көкалат селосы, Қыпшақ Сейтқұл көшесі 4.

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 87143926-2-18 **Электронды пошта:** albarboget.mektep@bk.ru

Web-сайт: albarboget_mektebi инстаграмм, «Албарбөгет жалпы білім беретін мектеп» фейсбук парақшасы.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мектеп директоры Кулмаганбетов Айбол Дуйсенович Жангелдин ауданының білім бөлімі басшысының 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 51 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі Жангелдин ауданының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы 2021 жылғы 5 қаңтар №8 қаулы негізінде, «Жангелдин ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Албарбөгет орта мектебі» мемлекеттік мекемесі жаңа атаумен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ –сі болып қайта аталып, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) №970940002415, 11.01.2021 жылы мектеп заңды тұлға ретінде тіркелді.

Рұқсат беру құжаттары:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің бөлімінің Қаратүбек жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметтің ішкі тәртібін регламенттейтін құрылтайшылық құжаттары бар, оның ішінде: "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 41-бабына, «Білім және Қазақстан Республикасы әділет министрілігі Қостанай облысының әділет департаменті Арқалық қаласының ауданаралық әділет басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Қаратүбек жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі Жарғысына /бастапқы тіркелген күні 09.04.1997, сәйкес, кейінгі тіркелген күні 11.01.2021 жыл/ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қостанай облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ 2021 жылғы 05 наурыз № No KZ92LAA00025220 білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензия, 25.10.2018 жылғы № 422211 "Қостанай

облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" ММ берген медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы бар.
Ғимараттың салынған жылы: 1982 жыл
Жобалық қуаттылығы: 3900
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі (коды): 12:276:014:043
Жер учаскесінің көлемі - 1,3260 га.
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Албарбөгет ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы №01 шешімі негізінде жерді тұрақты пайдалану құқығы актісі берілді.
Оқытылып отырған оқушы саны: 84 оқушы, даярлық тобы - 8. Барлығы – 92 оқушы.
Сынып комплектісі: 11 сынып
Оқыту тілі: қазақ тілі
Мектеп өз жұмысында төмендегі ұйғарымдар мен ережелерді басшылыққа алады:

- ✓ Мектептің ішкі тәртіп ережесі;
- ✓ Жалпы білім беретін мектептің, педагогикалыққ кеңестің, әдістемелік кеңестің, пән бірлестіктерінің, жас мамандардың, әкімшілік басқару нұсқаулықтары;
- ✓ 2024 - 2025 оқу жылының сабақ кестелері;
- ✓ Істер номенклатурасы;
- ✓ Әкімшілік, педагог және техникалық кіші қызметкерлердің, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кітапханашы, лобарант, тәлімгер штаттық кестесі;
- ✓ Негізгі қызметтер, жеке құрам бойынша бұйрықтар;
- ✓ Еңбек келісім шарты. Еңбек кітапшалары.

Педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директордың жанындағы отырыстар, ата - аналар жиналыстарының, Қамқоршылық кеңестің хаттамалары мен материалдары.
Мектептің іс-әрекеті Қазақстан Республикасының Атазаңы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының«Білім туралы» заңының, Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы, мектептің жарғысы және басқа құқықтық- нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асады

II. Кадрлық құрамға талдау

1.1 Мектеп әкімшілігінің сапалық құрамы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бекіткен штатына сәйкес 2024 жылғы 1 қыркүйекке педагогикалық қызметкерлермен жабдықталған.
33 мұғалім оның ішінде мектеп басшысы-1, басшыңорынбасарлары-2, психолог-1, әлеуметтік педагог-1, тәлімгер-1. Мектеп әкімшілігінің мүшелері 100% жоғары

білімді, орташа педагогикалық өтілі- 29 жыл, орташа басқарушылық өтіл-3 жыл.

Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы жайлы ақпарат

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптар:

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектепте бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Білімдері бойынша

№	Оқу жылы	Барлығы	Жоғары білімді	%	Арнаулы орта	%
1	2022-2023	30	26	87%	4	13%
2	2023-2024	28	24	86%	4	14%
3	2024-2025	33	31	94%	2	0,6%

Біліктілік санаттары бойынша

Оқу жылы	**Мұғалім саны**	**Педагог-шебер**	**Педагог-зерттеуші**	**Педагог-сарапшы**	**Педагог-модератор**	**Жоғары**	**1санат**	**2санат**	**педагог**	**%**

2022-2023	30	0		2	2					
2023-2024	28	0		6	7					
2024-2025	33	0		1	2					

Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	Барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20 жж
2022-2023	30	4	5	9	4	2	6
2023-2024	28	6	5	7		4	6
2024-2025	33	6	7	6	6	1	7

2022-2023 оқу жылында 16 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. **2023-2024** жылы 7 педагог, ал **2024-2025** оқу жылы басталғаннан бері 8 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Кемінде үш жылда бір рет басшы, басшы орынбасарларының біліктілік арттыру курстарынан өту үлесі 78%, педагогтердің үлесі 95%. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс білім басқармасына жіберілді. Курс қажеттілігі бойынша мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс БҚО білім басқармасына, «Өрлеу» БАҰО АҚ БҚО филиалдарына жіберіліп, 2025 жылдың қазан-қараша айларында өту жоспарлануда.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру /растаутуралы мәліметтер/:

Заңнама бойынша педагог қызметкерлер 5 жылда бір реттен сиретпей біліктілігі мен білімін растап және санатын көтеріп отыр.

2022-2023 оқу жылында барлығы 30 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауыш сыныпта 4 педагогтің 2- педагог-модератор. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру бойынша 26 педагог сабақ берді. Оның ішінде 1 педагог–зерттеуші, 2 педагог-сарапшы, педагогтің 11- педагог-модератор педагогтер.

2023-2024 оқу жылында барлығы 28 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауышта 4 педагогтың 3-педагог-модератор.Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде 25 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 2 педагог-сарапшы.

2024-2025 оқу жылында барлығы 33 мұғалім қызмет атқарады. Оның ішінде бастауыш сыныпта 4 педагогтің 1-еуі педагог-сарапшы, Үлесі 25%. Негізгі орта білім беру бойынша 22 педагог сабақ береді. Оның ішінде 6 педагог-сарапшы мұғалімдер. Үлесі 27,2%. Жалпы орта білім беру бойынша 16 педагог сабақ береді. Оның ішінде 5 педагог-сарапшы мұғалімдер. Үлесі 31,2%.

2022-2023 оқу жылында біліктілік санатын алған және растаған педагогтар тізімі

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комисссиясы шешімінің күні
1	Доман Нургайн	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Педагог-модератор , 16.05.2023ж. №139
2	Болганбаева Лаззат Муратбековна	Тарих пәні мұғалімі	Педагог-модератор , 28.08.2023 ж. №116
3			

2023-2024 оқу жылында біліктілік санатын алған және растаған педагогтар тізімі

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комисссиясы шешімінің күні
1	Есмаганбетова Замзагул Мухамедяровна	Орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-модератор 05.09.2024 №51
2	Абишева Асемгуль Козыбаевна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Педагог-модератор 05.09.2024 №51
3	Сәтай Мәдина Қарсақбайқызы	Биология пәні мұғалімі	Педагог-модератор 05.09.2024 №51
4	Ахмедия Аида Қалабайқызы	Тәрбиеші	Педагог-модератор 05.09.2024 №51
5	Қозыбай Дастан Жұмаханұлы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог-модератор 05.09.2024 №51
6	Карбозова Жазира Калтаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы 09.09.2024 №214
7	Мырзагалиева Айгуль Есимовна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы 09.09.2024 №214
8	Ибикенова Гульжан Калеловна	Тарих пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы 09.09.2024 №214
9	Кабажаева Анар Ахатовна	География пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы 09.09.2024 №214
10	Баймаганбетова Гулнар Магзумовна	Биология пәні мұғалімі	Педагог-модератор 09.09.2024 №214
11	Турганова Лайла Куанышовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-модератор 09.09.2024 №214
12	Абайдилдин Рауан Тургалиевич	Информатика пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы 19.09.2024 №231
13	Бекхожина Куралай Сакеновна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы 19.09.2024 №231

- **2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын алған және растаған педагогтар тізімі**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комисссиясы шешімінің күні
1	Муханбетжанова Муслима Алимжановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы

Жас мамандармен жұмыс

Жас мамандардың мектепке тез бейімделуі үшін және оқу-тәрбие үрдісінде нәтижелі жұмыс жасау үшін мектепте тұрақты «Жас маман мектебі» жұмыс жасайды. «Жас маман мектебінің» мақсаты: жаңадан жұмыс бастаған оқытушыларда кәсіптік құзіреттіліктерді, әдістемелік дағдыларды, үнемі өздігінен даму мен өздігінен жетілу қажеттіліктерін қалыптастыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін міндеттер айқындалған. Міндеттердің негізгі мазмұны педагогикалық ұжымда жас мамандарға қолдау көрсету жағдайын жасау, әдістемелік іс-тәжірибенің дағдыларын меңгеруде, оқу-тәрбие қызметің жоспарлау мен ұйымдастыруына көмек көрсету.

«Жас маман мектебінің» жұмыс жоспарына кіреді:

1. Бұйрық бойынша арнайы жеке тәжірибелі тәлімгер бекіту;
2. Нормативтік-құқықтық әдістемелік және локальді құжаттармен танысу.
3. Тақырыптық күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарын жасауға бағыт беру.
4. Өз білімін жетілдіру тақырыбын таңдауға көмек беру.
5. Тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысуын ұйымдастыру.
6. Психологиялық қолдау көрсету.
7. Өзара сабақтарға қатысуын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, мектепішілік және қалалық жас мамандардың іс-шараларына белсенді түрде қатысуын ұйымдастыру. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығын негізге ала отырып, мектептің арнайы бұйрығы негізінде тәлімгерлер тағайындалды. «Жас маман» мектебінің жұмысы жас мамандар бойынша банк деректері және олармен атқарылатын жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандарды нормативтік құжаттармен «Әдістемелік-нұсқаулық хат», «Білім туралы» заң, №472, №160 бұйрық, «Педагог мәртебесі» т.б. құжаттармен таныстырылды.

Оқу жылының басынан әдістемелік кеңестер берілді, тәлімгерлермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандардың іс-әрекетіне бақылау жүргізу үшін, мектепішілік бақылауға қойылды. Бекітілген тәлімгер арнайы жас маманмен жылдық жұмыс жоспарын жасайды, үнемі тәжірибе барысындағы туындаған сұрақтарға жауап беріп, «Жас маман мектебі» сыртында озық педагогикалық технологиялардың әдіс - тәсілдерін тиімді қолдануда бағыт бағдар және жас маманның жылдық жұмысына баға береді. 2023-24, 2024-2025 оқу жылдарында - 1 жас маман болды.

Жас мамандар туралы мәлімет

№	Аты – жөні	Білімі	Оқу орны, бітірген жылы, мамандығы	Пед. Өтілі	Ұстаз жетекшісі
1	Қазымбек Аружан Салыққызы	Жоғары	Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2023 жылы Бітірген	2 жылға дейін	Кулмаганбетов А.Д

Мектептегі жас маман Қазымбек Аружан биыл екінші оқу жылында жұмысын жалғастыруда. 5,6,7 сыныптарда математика және физика пәнінен сабақ берумен қатар өзінің кәсіптік деңгейін шыңдауда біраз талпыныстың

жұмыстар атқарды.

Жас мамандарға тәлімгерлері, мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, мектеп ұжымы тарапынан әдістемелік қолдау жасалды. Кәсіби деңгейді тәжірибелерін жетілдіру мақсатында іс – шараларға, мектепішілік, қалалық, облыстық деңгейде өткізілген өзекті тақырыптарға байланысты, қажеттіліктерін ескере отырып, семинар, вебинарларға қатысуы қамтамасыз етілуде. Жас мамандар үнемі басты назарда, әдістемелік көмек жұмыстары әлі де жалғасын таба бермек.

III бөлім. Білім алушылар контингенті

«Жангелдин ауданының білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне негізделген сапалы, қолжетімді білім, қауіпсіз жағдайларда даму мен тәрбие беру үстінде. Көрсетілетін білім қызметтері барлығы үшін қолжетімді. Дегенмен мектептегі білім алушылар саны мен оқу сапасының өсуіне негізгі мектеп бітіруші 9 сынып түлектерінің мектепте оқуларын жалғастырмай кәсіптік колледждерге оқуларын жалғастыруы және ауылдан көшіп кетуі әсер етіп отыр. Бұл жағдай мектепте оқушы санын азайту және білім сапасының тұрақты өсуіне кедергі келтіріп отыр.

Білім алушылар контингенті бойынша жалпы мәліметтер Ұлттық білім беру деректер базасына енгізіліп, әр жыл сайын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан өзгерістер мен толықтырулар жасалып, жаңартылады.

Үш жылдық оқушылар контингенті бойынша мәлімет

Оқу жылы	2022-2023		2023-2024		2024 - 2025	
Сынып	Сыныпсаны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
1	1	7/4	1	5/4	1	12
2	1	8/4	1	7/4	1	6
3	1	9/5	1	7/4	1	8
4	1	6/3	1	8/4	1	7
1-4	**4**	**30/16**	**4**	**27/16**	**4**	**32**
5	1	7/5	1	6/3	1	8
6	1	8/2	1	6/4	1	5
7	1	9/5	1	8/2	1	6
8	1	6/4	1	8/4	1	9
9	1	6/3	1	5/3	1	8
5-9	**5**	**36/19**	**5**	**33/16**	**5**	**36**
10	1	8/2	1	8/4	1	8
11	1	9/6	1	8/2	1	8
10-11	**2**	**17/8**	**2**	**16/6**	**2**	**16**
Барлығы	**11**	**83/43**	**11**	**76/38**	**11**	**84**

2022 – 2023 оқу жылы – 83 оқушы, қыздар саны - 43, ұлдар саны – 40.

Бастауыш буын 30/16, орта буын 36 /19 , жоғары буын 17/8 оқушы.
Сынып жиынтығы: 1 – 4 сынып – **4**; 5 – 9 сынып – **5**; 10 – 11 сынып – **2**.
Сынып жиынтығы – барлығы 11 сынып

2023-2024 оқу жылы – 76 оқушы, оның ішінде қызы - 38, ұлы – 38.
1 – 4 сынып – 27/16; 5 – 9 сынып – 33/16 оқушы; 10 – 11 сынып – 16/6 оқушы. Сынып жиынтығы –барлығы 11 сынып.
2024-2025 оқу жылы – 84 оқушы, оның ішінде қызы –40, ұлы – 44 .
1 - 4 сынып – 32/15; 5 - 9 сынып –36/18 оқушы; 10 - 11 сынып – 16/7 оқушы. Сынып жиынтығы – 11. I - ауысымда 6 сынып, 48 оқушы; II- ауысымда 5 сынып, 36 оқушы болып сынып толықтырылуының сәйкестігі сақталды. Даярлық сыныпта 8 оқушы екінші ауысымда оқиды. Мектепте оқу үрдісі бес күндік, екі ауысымда жүреді.

Мемлекеттік тілдегі мектеп болғандықтан, оқушылардың ұлттық құрамы негізінен 2022 - 2023, 2023 – 2024 және 2024-2025 оқу жылында 100 % қазақтар құрап отыр.

9, 11 сынып оқушыларының еңбекке орналасуы

Оқу жылдары	**Негізгі мектеп бітірушілер**				**Жалпы орта мектеп бітіруші**			
	Бітірген оқушы	**10 сыныпқа келгені**	**Кәсіптік колледж түскені**	**Грант иелері**	**Бітірген түлек саны**	**Жоғары оқу Орны**	**Кол-ледж**	**Грант иелері**
2022-23	6	5	1	1	9	5	4	6
2023-24	5	4	1	1	8	6	2	8
2024-25	8	7	1	1	8	6	2	6

Үш жылдық салыстырмалы көрсеткіш

Оқу жылы	**2022-2023**	**2023-2024**	**2024-2025**	**Үш жылдағы динамика**
Барлық оқушы саны	83	76	84	-1
Үздіктер	25	22	19	
Екпінділер	17	18	24	
Үлгермеушілер	34	31	29	
Білім сапасы	55.26	56.34	59.7	+2
Үлгерімі	100 %	100 %	100 %	100 %
Негізгі мектепті ерекше үлгідегі аттестатқа бітіргені	3	1	-	4
Жалпы орта мектепті ерекше үлгідегі аттестатқа бітіргені	3	4	1	8
«Алтын белгі» аттестатына бітіргендер	**1**		**2**	3

2022-2023 оқу жылында Қалел Аружан Мұратбекқызы «Алтын белгі» иегері.
2024-2025 оқу жылында Сейдағали Нұрсая Мұратбекқызы. Асылханқызы Ақерке «Алтын белгі» иегері.

Соңғы үш жылдағы білім сапасының көрсеткіштері

Сынып	2022 – 2023 оқу Жылы		2023 – 2024 оқу жылы		2024 – 2025 оқу жылы	
	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %
1 – 4	56.52	100 %	54.55	100	**65**	100
5 – 9	58.33	100 %	57.58	100	**55.55**	100
10 – 11	47.06	100 %	56.25	100	**50**	100
2 - 11	55.26	100 %	56.34	100	**59.7**	100

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, сәтсіз отбасыларға, тұрмыс жағдайы төмен балаларға жәрдемдесу, құқық бұзушылықты болдырмау, әлеуметтік ауытқуы бар отбасына көмек беру, әлеуметтік алдын алу мен ескерту шаралары.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша жаппай оқуға тарту айлығы аясында «Мектепке жол» акциясы өткізіледі. Жетім және ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар, аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасы балаларына мүмкіндігіне қарай заттай немесе ақшалай қолдау көрсету мақсатында өткізіліп отырады.

Әлеуметтік - педагогикалық реабилитация, алдын алу мен ескерту, диагностикалық жұмыс, құқықтық қорғау, ұйымдастыру басқару бағыттары бойынша жұмыс жоспары жасалып, мектептегі жағдайы жайсыз, аз қамтылған, көп балалы отбасы баларының тізімі жасалып бекітілді. Мектептегі әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды анықтау барысында, отбасын зерттеу актісі құрылды. Сыныптар бойынша әлеуметтік карта құрылып, жалпы мектептің төлқұжаты жасалды. Сыныптар бойынша әлеуметтік дәрежелеріне байланысты сандық мәлімет жасалып, тізімдері бекітілді.

Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы

Оқу жылы	**Жалпы бала саны**	**Аз қамтыл-ған отбасы балалары**	**Көп балалы отбасы балалары**	**Тұл жетім**	**Ата-ананың қамқорын сыз қалған балалар**	**Мүгедек оқушыла р**	**Үйде оқитын оқушылар**
2022-2023	76	2	42	0	0	0	0
2023-2024	83	1	39	0	0	0	0
2024-2025	84	5	43	0	0	0	0

"Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес және ата- аналардан түскен өтініштері мен Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру есебінен тегін тамақ беру ұйымдастырылады.

Тегін буфеттік тамақпен қамтылған оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқушылар саны	15	43	46

Әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасай отырып, отбасына көмек пен қолдау көрсету. Балалардың дамуы мен ортаға бейімделуін қадағалап, қолайсыз отбасыларды бақылау. Аз қамтылған жағдайы төмен және көп балалы отбасы балаларының құжаттарын рәсімдеуге көмек беру мақсатында жоспар құрылып, түрлі әлеуметтік санаттағы отбасы балаларымен жұмыс жасай отырып, отбасына көмек пен қолдау көрсету жақсы жолға қойылған.

Қыркүйек айында әлеуметтік дәрежелеріне байланысты балаларға жоспарлы түрде материалдық және рухани көмек ұйымдастырылды. Әлеуметтік тұрмысы нашар отбасына жұртшылық назарын аудару мақсатында «Мектепке жол», «Қамқорлық» рсепубликалық акцияларын кең көлемде өткізіліп, аз қамтылған, жетім, көп балалы отбасыларына киім- кешектер мен Акция барысында жалпы оқушыға 3 о қ у ш ы ғ а 56000т. көлемінде көмек берілді.

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Санаты	Берілген көмек түрі	Көмек бергендемеушілер
1	Әділбек Мөлдір Мейрамбекқызы	11	Толық емес	30000	Жер бөлімі
2	Сапиолла Айгерім Азаматқызы	4	Толық емес	11000	Ветстанция
3	Сапиолла Айхан Азаматқызы	3	Толық емес	15000	Кәсіподақ

Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу оларды келешекте қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді. Сондықтан мектепте түрлі әлеуметтік дәрежелеріне байланысты оқушылардың әлеуметтік картасы

жасалды. Аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының тізімі жасалып бекітілді. Мектептегі әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды анықтау барысында, отбасын зерттеу актісі толтырылып, сыныптар бойынша әлеуметтік карта құрылып, жалпы мектептің төлқұжаты жасалды. Әлеуметтік карта құрылып, жалпы мектептің төлқұжаты жасалды.

Мектеп бойынша әлеуметтік педагог әлеуметтік дәрежелеріне байланысты балаларға жоспарлы түрде материалдық және рухани көмек ұйымдастырады. Сондай-ақ, оқушының отбасылық тәрбие жағдайын анықтап, жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетуді ұйымдастырып, баланың жеке дамуындағы ауытқуларының алдын алып түзету жұмыстарын жүргізеді

Жаңа жылдық шыршаға қатынасқан оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	**Президенттік шыршаға қатысқаны**	**Әкім шыршасына қатысқаны**	**Аз қамтылған отбасы балаларына арналған шыршаға қатысқаны**	**Мүгедек балаларға арналған шыршаға қатысқаны**
2022-2023	0	2	0	0
2023-2024	0	2	0	0
2024-2025	0	3	0	0

Жасөспірімдердің құқық бұзушылық әрекетін болдырмау және қараусыз қалмауына тәрбиелік жұмыстарын жетілдіру бойынша оқушылардың бос уақыттарын әсіресе жазғы демалыс кезінде сауықтыру жазғы демалу лагерьлеріне жолдама беру ұйымдастырылған. Жыл сайын мектепте оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру барысында демалу лагерлеріне оқушылар әр кезеңге жіберіліп отырады.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, сәтсіз отбасыларға, тұрмыс жағдайы төмен балаларға жәрдемдесу, түрлі әлеуметтік дәрежелеріне байланысты көмек беру, әлеуметтік алдын алу шаралары жыл сайын жүргізілуде.

IV бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыс және педагогикалық жүктеме

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

- ***Мектептің миссиясы*:** Адамгершілік құндылықтарға негізделген отандық және халықаралық озық тәжірибені енгізу арқылы көпмәдениетті, өз елінің шынайы патриоты болатын азаматты қалыптастыруға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру.
- ***Мақсаты*:** - Мектеп мәдениетін қалыптастыру;
- Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қалыптастыру;
- Мектептің білім беру жүйесін қалыптастыруда күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру, үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін мектепті дамыту;
- Стандарт емес оқу тәсілдерін өндіру арқылы білім берудің оң нәтижелерін арттыру;
- Оқу мен оқытудың инновациялық ортасын құруда педагогикалық ұжымның кәсіби дамуы мен шеберліктерін жетілдіру;
- Бәсекеге қабылетті, өмірлік дағдыларын қалыптастыра алатын оқушы тұлғасын дайындау;
- ***Міндеттері:***

- жағымды көңіл-күй орнату арқылы оқушылардың оқу үлгеремін арттыру;
- оқу-тәрбие процесінің жағдайын диагностикалау арқылы оқу пәндерінің сапалы берілуінің нәтижесінде білімді, рухани дамыған, жан-жақты тұлға тәрбиелеу;
- білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдениет мінез-құлық дағдыларын арттырып, өзін өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынас орнату;

- жас ұрпақтың өзінің рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулықтары мен аман-есендігі үшін әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыруға жағдай жасау;
- оқушылардың білімді меңгеруімен даму деңгейіне, өз беттерінше білім алу әдістемелеріне кезеңдік бақылау жүргізу.

Мектептің өзекті тақырыбы аясында туындаған мәселелер мұғалімге қойылатын талап пен жауапкершілікті күшейтеді. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Білім беру саласында мұғалімнің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетуде әдістемелік кеңес жұмысының атқаратын ролі зор.

2022-2023 оқу жылында мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдау барысында басымдық орынды алатын мектепішілік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы. Әр әдістемелік бірлестіктің тақырыбы мектептің миссиясымен ұштасады.

Әдістемелік жұмыс – бұл барлық педагогтар ұжымының шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, әрбір педагогтың кәсіби шеберлігін және біліктілігін жан - жақты көтеруге бағытталған іс-шаралар мен іс - әрекеттер, ол тұтастай ғылыми жетістіктерге негізделген және алдыңғы педагогикалық тәжірибелер мен өзара байланыстағы шаралар жүйесіндегі оқу - тәрбие үрдісінің нақты талдауы.

Әдістемелік жұмыс мақсаты: әр оқушының жеке ерекшелігін дамыту, әлеуметтік бейімделуге қабілеттілігін, белсенді азаматтық көзқарасты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді іске асыруға қолайлы білім кеңістігін құру.

Әдістемелік жұмыс міндеттері:
- педагогика, психология ғылымдары саласында жарыққа шығып жатқан жаңа бағдарлама, басылым, әдебиеттермен үнемі таныстырып отыру,
- оқу –тәрбие үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету
- мұғалімнің кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыру мәселелерін қарастыру

Жұмыс нысандары:
1. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық потенциалын көтеруді көздейді.
2. Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру – ол педагогтардың кәсіптік дамуын қолдауға арналған.
3. Озық тәжірибені оқып үйрену, тарату.
4. Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің
5. Ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыруға бағытталған.

Әдістемелік кеңес – мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын және тікелей пән бірлестіктерінің жұмысын басқарушы орган болып табылады.

Әдістемелік кеңесті құрудағы мақсат: Мектептегі әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру, жүзеге асыру.

Білім беру саласында шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбиені ұйымдастыруына көмек көрсетуде мектепішілік 4 әдістемелік бірлестіктер қоғамдық гуманитарлық пәндер бірлестігі /*тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі/; жаратылыстану /математика, физика, информатика, химия, биология, география/; эстетикалық пәндер бірлестігі /музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру, АӘжТД/ бастауыш сынып бірлестігі* құрылған.
Мектеп тақырыбы, әдістемелік тақырып, бірлестіктер тақырыбы, бірлестік тақырыбына сәйкес әр пән мұғалімінің де тақырыптары өзгерді. Осы мақсат міндеттерге жетуде жұмыстар жүргізілуде.

Оқу жылының басында арнайы жылдық жұмыс циклограммасы құрастырылып, әдістемелік кеңесте арнайы таныстырылады, бірлестік жетекшілеріне жеке беріледі, хабарландыру тақтасына арнайы ілінеді, ватсап әлеуметтік желісіндегі арнайы чатқа да жүктеліп отырады. Жоспар бойынша әр бірлестік мүшелері, яғни пән мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында апталық жоспарланған. Жоспарға сәйкес ашық сабақтар, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында бақылау жұмыстары жүргізілді. Жалпы апталық, семинарды өткізудегі негізгі мақсат: мұғалімдердің шығармашылық, ізденушілік, жауапкершілікті сезіну

қабілетін арттыру, өзара тәжірибе алмасу. Жас мамандар үшін де әдістемелік қызметін шыңдауда көмегі зор деп білеміз.

Әдістемелік бірлестіктерінің пән онкүндіктері мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттырудағы, дарынды және талантты оқушыларды анықтауда, танымдық қабілеттерін дамытудағы әдістемелік жұмыстың бір түрі. Пән онкүндіктерінде пән бойынша танымдық жағынан жеке, топтық, жалпылама жұмыс түрлері жүргізілуі мұғалімдер мен оқушыларға шығармашылық қабілеттерін ашуда, өздерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданып, өткізу түрі түрлендіріледі: ашық сабақтар, коучингтер, зияткерлік, танымдық ойындар, сайыстар, спорттық жарыстар, саяхаттар, көрмелер т.т.

Мұғалімдердің соңғы 3 жылдағы іс-тәжірибе таратуы

Мухамбетжанова Муслима Алимжановна.	Республикалық, ғылыми-танымдық педагогикалық журналы. «Үздік мұғалім методикасы.» № 5 4 А қ п а н 2024жыл. «Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын PIRLS зерттеулері мәнмәтінінде дамыту»
Жақия Диана Қанатбекқызы	Республикалық ғылыми педагогикалық, әдістемелік журналы. «DIDAKTIKA» «Физика пәнінде қолданылатын әдіс тәсілдер» тақырыбында іс тәжірибе тарапты..№09(03)2023жыл. Түркістан облысы,Түркістан қаласы.
	- Халықаралық ғылыми педагогикалық, әдістемелік журналы «TUTORUP» «Математика пәнін оқытудағы педагогикалық тәсілдер» тақырыбында іс тәжірибе тарапты. ..№09(03)2023жыл. Түркістан облысы,Түркістан қаласы

Соңғы үш жылдағы мұғалімдердің жетістіктер

1	Мухамбетжанова Муслима Алимжановна.	«Педагогикалық білім: -тәжірибелер,және теориялар» Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен 1 республикалық ғылыми тәжірибелік конференциясына білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін. (Сертификат) Алматы 2024 жыл

		«Алтын тұғыр»Математикалық олимпиадасы аудандық кезеңіне қатысқаны үшін (Сертификат). «ZERDELI» ақыл-ой дамыту мектебі. 3 қараша 2023 жыл.
		«Үздік мұғалім методикасы» Республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық журналының № 54 санына үздік жұмысын жариялағаны үшін (Диплом) «Даму» Республикалық ғылыми-практикалық педагогтар шығармашылығын дамыту орталығы. Алматы 2024 жыл.
		«Пони» (Пайымда!Ойла!Нәтижеле!Игер!) Халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін.(Диплом) 2023-2024жыл
		«Виртуалды Білім беру бағыты шеңберінде» атты республикалық эстафетасында үздік нәтиже көрсеткені үшін. (Диплом) Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы. «ЭРУДИТ» интелектуалты білім сайты. Алматы 2024 жыл.
		Қостанай облысы, Жангелді ауданы «Жангелдин ауданының білім беру бөлімінің Албарбөгет орта мектебі»коммуналдық мекмлекеттік мекемесі. Дүниетану, жаратылыс тану пәндері бойынша сынып оқушылары арасында өткен республикалық «ALTYN URPAQ» зияткерлік олимпиадасында шәкірті жеңімпаз болғаны үшін.(Алғыс хат) 19.02.2022жыл
		Дүниетану,Жаратылыстану пәндері бойынша сынып оқушылары арасында өткен республикалық «ALTYN URPAQ» зияткерлік олимпиадасында оқушысы Темірхан Ерхан Мұратұлы белсенді қатысып, жақсы нәтиже көрсеткені үшін Бастауыш сынып мұғалімі Мухамбетжанова Муслима Алимжановна марапатталады.(Алғыс хат) 2023 жыл.
		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 514 бұйрығынасүйене отырып Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» атты 1 Республикалық байқауына қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін (Диплом) 1 орын.Халықаралық ғылым мен білім қолдау орталығы. Алматы 2024 жыл.
		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 514 бұйрығынасүйене отырып Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған «Арнайы білім берудің жаңашыл педагогы» атты 1 Республикалық байқауына қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін (Диплом) 1 орын.Халықаралық ғылым мен білім қолдау орталығы. Алматы 2024 жыл.
		Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында Математика,Жаратылыстану,Дүниетану пәндері бойынша өткен «Болашақ» зияткерлік байқауының жеңімпазы Қайпен Аяулым Болатқызы Қостанай облысы, Жангелдин ауданы «Жангелдин ауданының білім беру бөлімінің Албарбөгет орта мектебі»КММ жетекші мұғалімі Мухамбетжанова Муслима Алимжановна марапатталады. «Болашақ» 2 орын (диплом) 2023жыл.
	Абишева Асемгуль Козыбаевна	«Рухани Жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы» «QAZAQ BILIMI» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік сабақ» номинациясы бойынша 1 орын алғаны үшін.(Диплом) Астана, 2023 жыл.
		Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Ағылшын тілі пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «ПЕДСТАРТ» Республикалық қашықтықтан олимпиадасының жүлдегері. 3 Дәрежелі (Диплом) 2024 жыл.
	Болганбаева Лаззат Муратбековна.	Қостанай облысы Әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі»ММ. «Тарих сабағында білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру» тақырыбындағы семинар-практикумында жұмыс көрсеткені үшін (Алғыс хат) Торғай ауылы 2025 жыл.

	Бекхожина Куралай Сакеновна	Қостанай облысы Әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі»ММ. «Тарих сабағында білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру» тақырыбындағы семинар-практикумында жұмыс көрсеткені үшін (Алғыс хат) Торғай ауылы 2025 жыл.
	Карбозова Жазира Калтаевна.	Алматы қаласы Республикалық ғылыми әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы «Білім әлемі» Жаңаша білім беру мазмұнында инновациялық технологияларды пайдалану арқылы «Білім әлемі» баспа бетіне өзінің мақаласын шығарып жариялағанын растайды. (Сертификат) Алматы 2022жыл №470
	Баймагамбетова Гулнар Магзумовна	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті. «Ustazalemi» Республикалық ғылыми әдістемелік журналында оқу әдістемелік материалын жариялағанын растайды. Астана 2023жыл. №0001011 (сертификат)
6		«Білім шуағы» Республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығы. 2024 жылдың 21-мамыр айында «Биология пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары» атты әдістемелік көмекші құралын (авторлық бағдарламасын) баспадан шығарғанын растау үшін берілді. Алматы 2024жыл.(Сертификат)
7		Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті. «Ustazalemi» журналының редакторлары басылым жұмысына белсенді қатысқаны үшін және оқу процесінде ақпараттық комуникациялық технологияларды енгізуге қосқан жеке үлесі үшін (Алғыс хат). Астана 2023жыл. №0001041

Мұғалімдердің сабақ жүктемесі

Мектепің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – барлық міндетті деңгей көлемінде оқушыларға сапалы білім беру. Оқу жүктемесінің максималды көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен санитарлық нормаға сәйкес. Мектептің оқу жоспары базалық, мектеп және оқушы компоненттерінен құрылған.

«Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің **1-4 сыныптарда** білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары,

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары,«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы», «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш білімінің міндеттері мен мақсаттарын іске асыруда тұжырымдамалы ұстанымдарға сүйенеді:

Вариативтік компонентке белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар енгізілді: **1-4 сыныптарға** 5 сағат оқу жүктемесі бөлінді**.**

Олар «Қызықты математика», «Занимательная грамматика», «Занимательная грамматика»,«Ғажайып математика», «Қызықты қазақ тілі». Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-4 сыныптарда - 34 оқу аптасы.

1- сынып «Ғажайып математика» Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларын дамыту және логикалық ойлауға, қарқынды дамытуға ықпал ете отырып, түрлі жолдармен есеп шығарудың негізін қалауға жағдай жасау.

Күтілетін нәтеже -логикалық есептерді өз бетімен жылдам есептейді және есепті шығару жолының ретін сақтауға дағдыланады;

-есептерді шешу кезеңдерін жоспарлайды, қойылған міндетке сәйкес оқу іс-әрекетінің реттілігін анықтайды;

- берілген критерийлер бойынша объектілерді жіктеуге және алынған топтардың аттарын тұ- жырымдауға үйренеді;

тапсырмаларды орындау барысында математиканың өмірмен байланысын анықтайды;

- өз ойын дәлелдей білуге жаттығады және математиканың өз өміріне қаншалықты керек екенін түсінеді.

2-сынып «Қызықты математика» Мақсаты: Оқушыларға білім ,білік,дағдыларын игерту;Шығармашылық қабілеттерін арттыру;Зейінін,естесақтау,байқағыштық,қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен

өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу;
Оқушының есептеу дағдыларын жетілдіріп, өз ойы мен зейіні арқылы есептерді шығаруға үйрету.

Күтілетін нәтиже:бір таңбалы сандар қатарының ретін білу.Қосу мен азайтуға байланысты таңбалар мен терминдер.Қосудағы және азайтудағы нөл мен бірдің қасиеттерін. Есептің құрамдас бөліктерін және оны шығару үдерісін кезеңдерін білуі тиіс. **«Занимательная грамматика».** Мақсаты: расширить, углубить и закрепить у младших школьников знания по русскому языку, показать учащимся, что грамматика не свод скучных и трудных правил для запоминания, а увлекательное путешествие по русскому языку на разных ступенях обучения

3-сынып «Занимательная грамматика». Мақсаты:развитие интереса к русскому языку как к учебному предмету;приобретение знаний, умений, навыков по грамматике русского языка;пробуждение потребности у учащихся к самостоятельной работе над познанием русского языка;развитие мотивации к изучению русского языка.

4-сынып «Қызықты қазақ тілі»-арқылы оқушылар негізгі пән Қазақ тілінде меңгерген білім дағдыларын жетілдіре түседі. Грамматикалық сауаттылықтары артады.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.
"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Бастауыш сынып пәндерін оқытудағы басты мақсат – білім алушыларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу негізінде білім беру. Жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормаларға сай.

«Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің **5-9 сыныптарда** білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы».«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылады.

Вариативтік компонент есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» бойынша курстар өткізіледі. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі

көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
5-8 сыныптар «Жаһандық құзыреттілік»-0,5сағат
9 сынып «Жаһандық құзыреттілік»- 1сағат
Курстың мақсаты : Адам бойындағы асыл қасиеттер мен мінез-құлықтың дұрыс қалыптастыруына негіз болу.
Оқушылардың өз ойын еркін айтуға және шығармашылықпен жұмыстануын дамыту.Оқушыны ақылдылыққа, адамгершілікке, сабырлылыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже : - Курсы білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Оқушыны ақылдылыққа, адамгершілікке, сабырлылыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке үйренеді.
«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын,
әдеплық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Жалпы оқу жүктемесінің көлемі санитарлық нормаларға сай.
«Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің **10-11 сыныптарда** білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:
"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы басшылыққа алынып «Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ нің 2024-2025 оқу жылындағы 10-11 сыныптардың оқу жоспары жасалынды.

Қазақ тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 11 сыныпта 3 сағат, жаратылыстану- математика бағыты бойынша 10 сыныпта 3 сағат берілді. Оның ішінде 2 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді. 10 сыныпта «Орфографическая зоркость», «Эссе жазу әдістемесі мен практикасы» тақырыптары вариативті компоненттен берілді. 11 сыныпқа «Биология пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары», «Жаңа әлем географиясы» қолданбалы курстар.

10-11сыныптар «Жаһандық құзыреттілік» 1 сағат

Мақсаты: білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренеді, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алады, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау

дағдыларын меңгереді.

Оқыту міндеттері: оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;

оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

10 сыныпта «Орфографическая зоркость» факультативінің мақсаты:мектепте математикалық білім берудің маңызды проблемалаының бірі – оқушыны есепті шешудің әдісі-тәсілдерімен қаруландыру және оны есептің шешімін өздігінен іздеп, таба білуге үйрету.

10 сыныпта **«Эссе жазу әдістемесі мен практикасы»** факультативінің мақсаты: Жас ұрпақтың экология және экологиялық көзқарастың негізін білуі, экологиялық тепе-теңдікке және қоршаған ортамен қауіпсіз өмір сүруге қол жеткізу. Туған өлкеміздің табиғатын сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу.

11 сыныпта **«Биология пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары»** қолданбалы курсының мақсаты: тіл біліміндегі әрбір теориялық ілімнің, түрлі жаңашыл технологиялардың пайда болу, даму, қалыптасу жолдарын айқындау, осы арқылы дәстүр жалғастығын ашу, болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар нұсқау – маңызды іс болып табылады. Осы қағиданы меже ете отырып, жұмыста қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының пайда болу кезеңінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі даму тарихын, бүгінгі жайын саралай отырып, сөз таптарын оқыту негізінде оқушыларда сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру жолдарын көрсету.

11 сыныпта «Жаңа әлем географиясы» факультативінің мақсаты: Жаңа әлем географиясына шолу жасау,картамен жұмыс жасау шеңберінің ұлғаюы картографиялық сауаттылықты арттырады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

2024 жылдың 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесі бекітуімен жұмыс оқу жоспары жасалынды.

2024 - 2025 оқу жылында 10 сынып бағдарлау бағыты бойынша: қоғамдық – гуманитарлық бағыт.

11 - сыныптарда бағдарлау бағыты бойынша: жаратылыстану-математикалық бағыт.

Мектептің материалдық - техникалық базасы бейінді оқытуды

ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мектепте интернет желісі іске қосылған. Кітапхана жұмыс жасайды. Қажетті оқу материалдары, әдістемелік құралдар кітапхана қорынан табылады. Оқу бағдарламасының мазмұн көлемі типтік оқу жоспарының оқу жүктемесінің инвариантық бөлімінің жобасында, сонымен қатар базистік оқу жоспарының нормативті бөлігінің мектеп компонентінің оқу жүктемесін пайдалану арқылы іске асырылған.

Мемлекеттік стандарттың орындалуы

